

«Балажан 2030 ясли-сад» ЖСШ
«Балажан» бөбекжай – балабақша
030000 ҚР, Ақтөбе қаласы
41 разъезд, Элеватор көшесі 12/2
Әбубәкір Кердері 11



ТОО «Балажан 2030 ясли-сад»
ясли – сад «Балажан»
030000 РК, г.Ақтөбе
41 разъезд, ул Элеваторная 12/2
Абубакир Кердери 11

Бұйрық
№6

Ақтөбе қаласы

«18» 05. 2026 ж.

Бөбекжай-балабақшаны өзін-өзі
бағалаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуіріндегі №114-НҚ бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Балажан» бөбекжай-балабақшасы 2026 жылдың 18.05 – 22.05.2026 жыл аралығында өзін-өзі бағалау өткізілсін;
2. Өзін-өзі бағалауға комиссия құрамы бекітілсін;
3. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылыдарына өзін-өзі бағалауы өткізілсін;
4. Комиссиясының жұмыс қорытындысы 2026 жылдың 29 мамыр айына дейін балабақша интернет-ресурстарына орналастырсын;
5. Ілеспе хатта орналастырылғын материалдар сілтемесі Ақтөбе облысы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын;
6. Осы бұйрықты қадағалауды өзіме қалдырамын.

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы

менгерушісі:



Д.Б.Мұхамбетьярова

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының
2026 жылғы 18 мамырдағы
№6 бұйрығына
1 қосымша

Бөбекжай-балабақшадағы өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда бекітілсін:

Комиссия төрайымы:

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы басшысы: Д.Б.Мұхамбетьярова

Комиссия мүшелері:

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы психологі: А.Б.Аймаганбетова

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы қазақ тілі мұғалімі: К.Р.Дуйсекешева

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиеші: Г.В.Бойченко

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиеші: М.Т.Арзакулова

Хатшы: Қ.С.Қалиева

**«Балажан» бөбекжай-балабақшасы бойынша
Кезектен тыс педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

Ақтөбе қаласы

15.05.2026 ж

Қатысқандар: меңгеруші, психолог, қазақ тілі мұғалімі,
музыка жетекшісі, 8 тәрбиеші.

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылы 13 ақпан айында бекітілген 2026 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізу.

Меңгеруші: Д.Б.Мұхамбетьярова

2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын құру.
Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Д.Б.Мұхамбетьярова сөз алды.

2026 жылғы 13 ақпан Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген тізбесі негізінде балабақша 2026 жылдың маусым айына мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Мемлекеттік аттестаттау ҚР «Білім туралы» Заңы аясында мемлекеттік аттестаттау – білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-НҚ бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүргізіледі. Осы заңнамаға сәйкес барлық құжаттарды ұсынуымыз керек деп айтып өтті. Сонымен бірге бір ай бұрын өзін-өзі бағалау материалдары балабақша сайтына уақытылы жариялануы керек.

Өзін-өзі бақылау жүргізу мақсатында комиссия құруды ұсынды. Сонымен бірге Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметкерлерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне соңғы 3 жыл яғни 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бақылау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті мекемеге, оның аумақты бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда ұсынылды:

Комиссия төрайымы:

Д.Б.Мұхамбетьярова- меңгеруші

Мүшелері:

А.Б.Аймағанбетова– психолог

К.Р.Дуйсекешева-қазақ тілі мұғалімі

Г.В.Бойченко-тәрбиеші

М.Т.Арзакулова-тәрбиеші

Хатшы: Қ.С.Қалиева -тәрбиеші

Шешім мен ұсыныс:

1. «Балажан» бөбекжай-балабақшасының жұмыстарын бақылау жүргізу үшін 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. «Балажан» бөбекжай-балабақшасының жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы бекітілсін.

Төрайымы:

Д.Б.Мұхамбетьярова

Хатшы:

Қ.С.Қалиева



«Балажан» бөбекжай-бақшасының
Кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасы №4

Өткен күні: 22 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 12 педагог

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

1. Д.Б.Мұхамбетьярова- меңгеруші
2. А.Б.Аймағанбетова— психологі
3. К.Р.Дуйсекешева-қазақ тілі мұғалімі
4. Г.В.Бойченко-тәрбиеші
5. М.Т.Арзакулова-тәрбиеші
6. Хатшы: Қ.С.Қалиева -тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау.
2. Жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрағасы

Тыңдалды:

Н.А.Бахбергенова өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші: Өзін-өзі бағалау комиссия тәрбиелеу мен оқыту жылдарына мынадай деректі құжаттарды қарады.

1.Жалпы сипаттағы өлшемшарттар

1.1. Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі

1.2. Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі

1.3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.

1.4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген),

"Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген),

"Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген),

"Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі

2. Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар

2.1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

2.2. Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі

2.3. Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі

3. Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар

3.1. "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31

тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

3.2. Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы

3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы

4. Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар

4.1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС),

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ),

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі

4.2. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі

4.3. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы

4.4. ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы

4.5. ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы

4.6. Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі

4.7. Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы

4.8. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту

5. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар

5.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары)

5.2. "Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы

6. Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

6.1. ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы

6.2. Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы

6.3. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы

6.4. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы

Комиссия мүшлері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу оқыту бойынша МЖМБС талаптарына сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.


Комиссия төрайымы Д.Б.Мұхамбетьярова өзін-өзі бағалау есебі тындады. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деп бағаланды.

Дуйсеешева Кенжегуль Рахметжановна: өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, тәрбиелеу мен оқыту бойынша МЖМБС талаптарының толық сақталған деп ойлаймын. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін көрдік.

Memorandum:

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:  Д.Б.Мұхамбетьярова

Хатшы:  Қ.С.Қалиева

1. Д.Б.Мұхамбетьярова- меңгеруші
2. А.Б.Аймаганбетова– психологі
3. К.Р.Дуйсекешева-қазақ тілі мұғалімі
4. Г.В.Бойченко-тәрбиеші
5. М.Т.Арзакулова-тәрбиеші
6. Хатшы: Қ.С.Қалиева -тәрбиеші

**«Балажан» бөбекжай-балабақшасы
бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясының
№4/1 хаттамасы**

Ақтөбе қаласы

22.05.2026 жыл

Қатысқандар:

Д.Б.Мұхамбетьярова- меңгеруші

А.Б.Аймаганбетова– психологі

К.Р.Дуйсекешева-қазақ тілі мұғалімі

Г.В.Бойченко-тәрбиеші

М.Т.Арзакулова-тәрбиеші

Хатшы: Қ.С.Қалиева -тәрбиеші

Күн тәртібінде:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау қорытындысына баға қою.

Тыңдалды: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы Д.Б.Мұхамбетьярова өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытынды есебімен таныстырды.

Хатшы: Комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «Балажан» бөбекжай-балабақшасы бойынша «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде бағалау барлық бөлімдері бойынша қаралып, жинақталып «Жақсы» деген баға қойылды.

Шешім: «Балажан» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы «Жақсы» деген бағамен бағалансын.



Д.Б.Мұхамбетьярова

Қ.С.Қалиева

«Балажан 2030 ясли-сад» ЖШС
«Балажан» бөбекжай – балабақша
030000 ҚР, Ақтөбе қаласы
41 разъезд, Элеватор көшесі 12/2
Әбубәкір Кердері 11



ТОО «Балажан 2030 ясли-сад»
ясли – сад «Балажан»
030000 РК, г.Ақтөбе
41 разъезд, ул Элеваторная 12/2
Абубакир Кердери 11

Исх № 10
26.06.2016 г.

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаментінің
басшысы Сарсенғалиева Гулнара Акмурзиевнаға
Ақтөбе облысының білім басқармасына
Ақтөбе қаласының білім бөлімі
ЖШС «Балажан 2030» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі Д.Б.Мұхамбетьяровадан

Ілеспе хат

ЖШС «Балажан 2030» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау
нәтижелерінің қорытындысын ұсынады.

Мекеме сайтының домен аты: **balazhan.edu.kz**

Электрон почтасы: **balazhan.sadik@mail.ru**

Инстаграмм парақшасы: **sadik.balazhan**

ЖШС «Балажан» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:



Д.Б.Мұхамбетьярова